11	28	Point Z Villa Boutiques & Rest...	просп. Аль-Фараби, 1...	4,4	2	Phone: +77273158877. Webs: villa-almaty.com	Daily 10:00-22:00	Multifunct_Comp
12	29	Point Z Villa Boutiques & Rest...	просп. Аль-Фараби, 1...	4,2	2	Phone: +77273158877. Webs: villa-almaty.com	Daily 10:00-22:00	Multifunct_Comp
13	30	Point Z Villa Boutiques & Rest...	просп. Аль-Фараби, 1...	5	1	Phone: +77273158877. Webs: villa-almaty.com	Daily 10:00-22:00	Multifunct_Comp

3.17 - сурет – Бостандық ауданы сауда орталықтары бойынша мәлімет (кесте)

Кез келген адам өмірі үшін маңызды мекеменің бірі – емхана, бірақ олардан бөлек тағы бір объектке дәріхана жатады. Кешеннің осы мекемелерден қолжетімді арақашықтықта орналастырудың студенттердің денсаулығы үшін маңызы зор, орналастырудың көрінісі 3.18-суретте келтірілді.




3.18 - сурет – Дәріханалар мен емханалар картасы

Медициналық мекемелерді картаға салып болғаннан кейін студенттер мен жергілікті тұрғындар үшін қажет болатын негізгі мәліметті 3.19-суретте көрсетіп кеттік. Мысалы, мекенжайлары, жұмыс уақыттары және т.б.

OBJECTID	SHAPE	Name	Address	Operating_mode	Qty_stars	kontakt	Type
1	Point Z	Inkarim	Назарбаева, 187	08:00-20:00	4.8	8-701-266-16-17	Аpteka
2	Point Z	Для всей семьи	Назарбаева, 187Б	09:00-15:00	0	8 (727) 220-32-16	Аpteka
3	Point Z	Городская поликлиника №12	ул. Байсейтова, 40	08:00-20:00	3.6	8-747-210-12-12	Policlinika
4	Point Z	Happy family	ул. Байсейтова, 45	08:00-20:00	2.1	8 (727) 321-04-45	Аpteka
5	Point Z	On Clinic	просп. Абап, 20/14	08:00-20:00	4.3	8-705-250-10-05	Policlinika
6	Point Z	Аpteka со склада	просп. Абап, 34	08:00-22:00	1.6	8 (727) 339-43-16	Аpteka
7	Point Z	Биосфера	ул. Қаныш Сатпаев, 27	09:00-21:00	1.9	8 (727) 292-34-57	Аpteka
8	Point Z	Добрая	Назарбаева, 223	09:00-21:00	4.0	8-708-972-82-16	Аpteka
9	Point Z	TheSav Medical	Нурлы-Тау,проспект Аль-Фараби, 9	08:00-23:00	4.0	8-708-605-31-40	Аpteka
10	Point Z	Аскорбинка	Нурлы-Тау,проспект Аль-Фараби, 7	09:00-20:00	2.7	8-775-272-03-86	Аpteka
11	Point Z	Invitro	просп. Аль-Фараби, 17/1	07:00-19:00	4.7	8-707-258-58-88	Policlinika
12	Point Z	ESM-Clinic	просп. Сейфуллина, 580	10:00-19:00	4.9	8-702-758-05-58	Policlinika
13	Point Z	Аpteka со склада	ул. Қаныш Сатпаев, 5а	08:00-22:00	2.7	8 (727) 339-42-87	Аpteka
14	Point Z	Qamqor clinic Almaty	ул. Қаныш Сатпаева, 18а	08:00-20:00	4.4	8-701-992-93-95	Policlinika

3.19 - сурет – Бостандық ауданының медициналық мекемелері бойынша мәлімет (кесте)

Студенттердің көпшілігі қазіргі уақытта өзінің денсаулығына көбірек мән береді, осы ретте спорт объектілеріне көп барады. Спорт объектілеріне біз спорт залдары мен алаңдарын жатқыздық, 3.20-суретте оларды ортақ қабат жасап көрсеткен болатынбыз.




3.20 - сурет – Спорт объектілерінің картасы

Спорт объектілерін атрибутивтік кестеде алаңдар мен залдарға бөліп, мәліметтерін 3.21-суреттегі кестеге енгіздік.

OBJECTID	SHAPE	Name	Address	Type	Qty	Stars	Contacts	Operating_Mode
25	Point Z	Lifestyle	ул. Исмаишева, 1/1	GYM	4,1		Phone: +7702213383. Email: lifestyle.alm@mail.ru. Inst: lifestyle.alatau	Weekd: 07:00-23:00; Sa: 09:00-19:00; Su: -
26	Point Z	Garage Sports Club Almaty	ул. Байкенова, 7	GYM	3,6		Phone: +7747595066. Email: viktorportal@gmail.com. Inst: garage-sports.club.almaty	Mo-Sa: 08:00-23:00; Su: -
27	Point Z	Almaty Resort Pool	Санаторий Almaty Resort, ул. Алымерек, 1/1	GYM	4		Phone: +77273003435. Web: almatyresort.kz. Email: almatyresorts@mail.ru	We-Mo: 07:00-22:00; Tu: -
28	Point Z	Zhaljau	ЖК Жайлау, мкр. Мирас, 188/2	GYM	3		Phone: +77472818525. Email: zhaljau_fitness@mail.ru. Inst: zhaljau_fitness	Weekd: 07:00-23:00; Weekend: 10:00-20:00
29	Point Z	Тан-Нур	мкр. Мирас, 128/5	GYM	3,1		Phone: +77071249090. Email: admin@tannuryfitness.kz. Inst: tannuryfitness	Daily 08:00-22:00; Weekend: 10:00-20:00
30	Point Z	Гипер	мкр. Орбита-4, 11	GYM	4,7		Phone: +77073102005. Inst: sawitskiygleb	Mo-Sa: 08:00-23:00; Su: 09:00-21:00
31	Point Z	LegendA	ул. Торайгырова, 39	GYM	4,3		Phone: +7771289162. Inst: legendgym.kz	Weekd: 06:30-23:00; Sa: 08:00-22:00; Su: -
32	Point Z	BeFitness	АФЭК, ул. Руссулбекова, 35а	GYM	3,6		Phone: +77075400016. Inst: befitness.kz	Daily 07:00-23:00
33	Point Z	Nautilus	ЖК Шаркстан, ул. Навои, 208/6	GYM	4,5		Phone: +77073306732. Web: nautilusgym.kz. Email: info@nautilusgym.kz. Inst: nautilus_gym	Mo-Sa: 07:00-23:00; Su: 09:00-17:00
34	Point Z	Reactor Crossfit	ЖК Шаркстан, ул. Навои, 208/8	GYM	4,1		Inst: reactor.athletic2021	Weekd: 07:00-22:00; Sa: 08:00-20:00; Su: -
35	Point Z	Lifetime	ул. Розыбакиева, 273	GYM	4,3		Phone: +77071590552. Web: lifetimedclub.kz. Email: reception@lifetimedclub.kz. Inst: lifetimedclub	Weekd: 08:00-22:00; Sa: 09:00-18:00; Su: -
36	Point Z	Fitation	ул. Розыбакиева, 259	GYM	3,9		Webs: fitation.kz/ru/. Email: marketing@finkk.kz. Inst: fitation.kz	Daily around the clock
37	Point Z	MegaGym	ул. Абия Кенелбайұлы, 38а/1	GYM	4,4		Phone: +77085084548. Web: megagym.kz. Email: megagym.kz	Mo-Sa: 06:00-23:00; Su: 10:00-19:00
38	Point Z	Power Gym	просп. Гагарина, 236Б	GYM	4,4		Phone: +77081720035. Web: taplink.cc/powergymalmaty. Inst: power_gym_almaty	Mo-We: 07:00-23:00; Th-Sa: 08:00-23:00; Su: -
39	Point Z	S89 Athletic Pro Club	просп. Гагарина, 244а	GYM	4,7		Phone: +77003550290. Web: s89fitness.kz/gagarina. Inst: s89official	Weekd: 06:00-23:00; Sa: 08:00-22:00; Su: 09:00-21:00
40	Point Z	INVICTUS FITNESS	просп. Гагарина, 286	GYM	4,3		Phone: +77084810017. Web: bitjy/INV_20ta. Inst: invictusfitness.kz	Weekd: 07:00-24:00; Weekend: 09:00-22:00
41	Point Z	Champion	ул. Кожобекова, 6	GYM	3,7		Phone: +77084810017. Web: champion.kz. Inst: champion_almaty	Daily 07:00-23:00
42	Point Z	Playground	просп. Абай, 20/5	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
43	Point Z	Playground	Площадь Республики	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
44	Point Z	Playground	AFD Plaza	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
45	Point Z	Playground	просп. Назарбаева, 229	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
46	Point Z	Playground	просп. Аль-Фараби, 17/1 К5Б	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
47	Point Z	Playground	просп. Назарбаева, 247	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
48	Point Z	Playground	ул. Байгурсинова, 98/2	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
49	Point Z	Playground	ЖК Кутат на Абай-Масанчи	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>
50	Point Z	Playground	ул. Габдуллинна, 5	Sports_Ground	<Null>	<Null>		<Null>

3.21 - сурет – Бостандық ауданының спорт залдары мен спорт алаңдары бойынша мәлімет (кесте)

Қала аумағындағы маңызды объектілерге саябақтар мен бақтар да жатады. Олар тек экологиялық жағынан ғана емес, қаланы көркейту жағынан да маңызды. Сонымен қатар, бұл жерде адамдар жай ғана серуендеп қоймай, спортпен де шұғылдана алады. 3.22-суретте саябақтар пен бақтар қабаты бар.



3.22 - сурет – Саябақтар мен бақтар картасы


3.23-суреттегі кестеде парктер мен бақтарды домендер арқылы бөлінді.

	OBJECTID *	SHAPE *	Shape_Length	Shape_Area	Name	Type
1	1	Polygon Z	0,009432	0,000004	Парк	Park
2	2	Polygon Z	0,01972	0,000003	Есентай	Square
3	3	Polygon Z	0,011602	0,000006	Достык	Park
4	4	Polygon Z	0,013535	0,000003	Жас Канат	Square
5	5	Polygon Z	0,013188	0,000005	Fantasy World Almaty	Park
6	6	Polygon Z	0,00597	0,000001	Парк им. Р.И. Огневого	Park
7	7	Polygon Z	0,016343	0,000016	Южный	Park
8	8	Polygon Z	0,039636	0,000069	Парк Первого Презид...	Park
9	9	Polygon Z	0,046151	0,000114	Ботанический Сад	Park

3.23 - сурет – Бостандық ауданы бойынша саябақтар мен бақтар бойынша мәлімет (кесте)

Жұмыс бойынша көпфункционалды кешен құрылысы үшін қолайлы аумақ таңдауда қажет болатын барлық объектілер мен деректерді картаға цифрландыру арқылы енгіздік. Бұл аумақ таңдауда қажет болатын негізгі шарттардың бірі.

Мәліметтер базасын құрып болған соң біздің қабаттар екі түрлі координаттық жүйеде жасалғанын көрдік (WGS_Mercator және WGS_1984), бұл қабаттарды ортақ географиялық мәліметтер базасына қосуда кедергі болды. Сондықтан біздің міндетіміз екі координаттық жүйенің бірін таңдап, дұрыс еместерін ауыстыру болды. Негізгі жүйе ретінде WGS_1984-ті таңдадық, ол үшін Project құралын қолданғанымызды 3.24-суретте көрсеттік.



3.24 - сурет – Координаталық жүйені ауыстыру кезінде қолданылған құрал

Дайын мәліметтер базасын ортақ Almaty.gdb географиялық мәліметтер базасын құрып, енгіздік. Келесі кезекте біз көпфункционалды кешен салу үшін ықтимал орынды бағалауға көштік.

3.4 Кеңістіктік талдауды қолдана отырып, көпфункционалды кешен салу үшін ықтимал орындарды бағалау

Кеңістіктік талдауды қолдана отырып, көпфункционалды кешен салу үшін мүмкін орындарды бағалау қалалық инфрақұрылымды жоспарлаудың маңызды кезеңі болып табылады. Себебі, бұл кешен қаланың айтарлықтай маңызы зор объектісіне айналады.

Талдауды бастамас бұрын құрылыс жоспарланып отырған қала туралы барлық міндетті түрде қажет болатын ақпаратты жинау маңызды. Осындай ақпаратқа жергілікті жердің топографиясы, климаттық ерекшеліктері, геологиясы, халық демографиясы сияқты деректер жатады. Жұмыстың мақсатына сәйкес біздің мақсатты аудитория студенттер болғандықтан, олардың жиі баратын локациялары мен олардың баспана таңдаудағы критерийлері сияқты ақпараттар да қажет.

Қала бойынша қажетті ақпарат жиналған соң кешен құрылысы үшін қолайлы аумақтарды бағалау шарттары айқындалады. Оларға біз көлік инфрақұрылымының қолжетімділігі (метро, автобус жолдары мен аялдамаларының болуы), қала орталығы мен ірі сауда орталығы, азық-түлік дүкендері, дәріханалар сияқты маңызды объектілерге жақындығы, бос жер учаскелерінің болуы, аумақтың экологиялық жағдайы (саябақтар мен жасыл аймақтардың болуы, ауа сапасының қалыпты шамасы) сияқты шарттарды жұмысқа енгіздік.

Кеңістіктік талдау арнайы мамандырылған бағдарламалар көмегімен жүзеге асады, біріне геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) жатады. Олар берілген критерийлер негізінде қажетті деректер мен бағалау нәтижелері бойынша карталар жасауға көмектеседі. Мысал ретінде, қажетті учаскелер белгіленген картаны жасап, оған көлік инфрақұрылымының қолжетімділігі, экологиялық жағдай сияқты белгілер туралы деректерді енгізуге болады.

Құрылыс үшін жер учаскелерін бағалауда тек ағымдағы факторлар ғана ескерілмей, алдағы уақытта бұл аумақтың даму перспективасы да алынады. Бұл жұмыстың қазіргі шарттарына сәйкес аумақты таңдауға жағдай туғызады, сондай-ақ ол жұмыстың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Учаскелерді зерттеуде тәуекелдер мен потенциалын талдау маңыздылығы зор. Оларға геологиялық ерекшеліктер мен бар құрылыстың болуы сияқты құрылыс жүргізуде бөгет болатын кедергілерді бағалау, сонымен қатар тұрғындарды, бизнестер мен туристтерді тартуда осы аумақтың әлеуетін бағалау да кіреді.

Соңында, көпфункционалды кешен құрылысы үшін ыңғайлы жер учаскелерін таңдау кезінде осы аумақты дамытудың басты аспектілері мен перспективаларын ескеру арқылы кеңістіктік талдау нәтижелері соңғы шешімді қабылдауға көмектеседі.

Кеңістіктік талдауды қолдана отырып, көпфункционалды кешенді салу үшін ықтимал орындарды бағалау жұмыстары жердің сейсмотұрақтылығы мен рельефы, ауаның сапасын қамтиды.

Тұрғын үй құнына әсер ететін көптеген факторлардың бірі – орналасу орны. Қала аумағында өмір сүру сапасына әсер ететін шарттардың бірі ауа сапасы болып табылады.

Бұл жағынан алып қарасақ Алматыда кең, таза дем ала алатын ең жақсы жер болып саналады. Қаланың "жоғарғы" және "төменгі" болып бөлінуі, бұл тауларға жақын немесе алыс дегенді білдіреді және осыған байланысты тұрғын үй бағалары арасындағы үлкен алшақтық болуына дәлел.

Қарастырылған аумақ Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша ауаның 23.04 пен 29.04 аралығындағы ауа коэффиценттерінің өзгеруін сыртқы ақпараттарды қолдана отырып анықтадық.

Өзгерістің нәтижесінде біз Бостандық ауданының картасына кестеде берілген коэффиценттерді енгізіп, түстермен ерекшелеп, бекеттердің сайттағы орналасуын ескере отырып орналастырдық. Бұл арқылы біз бір аптадағы ауа сапасының өзгерісін зерттедік.

3.3 - кесте – Ауа тазалығының жеті күндік көрсеткіштері

Станциялар	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі
City Government Building	49	36	33	30	33	51	61
Almaty-no.1: Bostandyk district	25	24	17	25	55	49	40
Breeth! Egizbaeva	55	43	40	47	61	66	69
Almaty Rozybakieva	-	-	47	44	51	54	78
Keremet (KazNU Al Farabi) (Student Center)	52	37	43	48	25	49	64
Kazakhstan International School	54	42	36	42	41	67	72
Mountain Sun	26	24	25	32	17	36	49
Mejdunarodnaya set vinotek Nicolas	56	49	32	50	42	57	69
Air Remizovka	72	50	31	30	41	69	78
Bostandyk District	67	52	28	32	65	56	60
Armenia	-	-	29	-	43	61	70
Kachev St bus station	56	43	27	30	36	48	63
Cafe Alatau	55	47	41	51	37	46	69
Almaty - no.31: Orbita	33	28	25	40	18	39	52
Outdoor Miras	62	52	31	43	53	50	56

3.3-кесте бойынша Almaty-no.1: Bostandyk district бекетінде жұмыс күндері төменгі көрсеткіштер көрсетілген. Ал демалыс күндері Mountain Sun бекетінде ауаның тазалығын байқаймыз [45].

Тектоникалық жарылым – жер бетіндегі тау жыныстары ығысатын және қозғалатын аймақ. Бұл жарықтар жер қыртысының қысымынан, деформациясынан туындауы мүмкін тектоникалық қозғалыстар нәтижесінде пайда болады. Жарылымдар әртүрлі масштабта болуы мүмкін: кішігірім жарылымдардан жүздеген километрге дейін жететін жарылымдарға дейін. Тектоникалық жарылымдар таулардың пайда болуы, жер сілкінісі және геологиялық құрылымдардың қалыптасуы сияқты геологиялық процестерде шешуші рөл атқарады.

ТЖМ Сейсмология институтында сейсмика тұрғысынан Алматыда жер асты суларының деңгейі жоғарылаған Райымбек даңғылының солтүстігінде (төменде) орналасқан аймақтар ең қолайсыз деп санауға болатынын атап өткен жөн.

Көк-Төбе тауы ауданындағы және Достық даңғылының шығысындағы қаланың тау бөктеріндегі аумақтары да сейсмикалық жағынан қолайсыз болып табылады.

Сондай-ақ, қалада ені 300-ден 580 метрге дейінгі тектоникалық ақаулар созылатын көптеген аймақтар бар және олар Төле би, Қарасай батыр, Бұқар Жырау, Шығыс айналма, ішінара Рысқұлов және Әл-Фараби сияқты түрлі көшелерді кесіп өтеді.

Өңірлік сейсмикалық зертхана меңгерушісі Айгүл Данабаева және құрылымдық геофизика зертханасының меңгерушісі Надежда Степаненко Алматы арқылы барлығы 27 тектоникалық ақаулар өтіп жатқанын, олар сейсмикалық белсенді деп жіктелгенін және Алматының сейсмикалық шағын аудандастырудың қорытынды картасына шығарылғанын айтты. Сарапшылар олардың бойында ені 300 метр болатын аймақтың дамуын болдырмауға кеңес берді. Ерекшелік-бұл диагональды ақаулық, оның диапазоны шамамен 150 метр, сонымен қатар Іле, оның диапазоны 500 метр болып келеді. Бөлінген аймақтар шегінде құрылыс ұсынылмайды, бұл қарқынды дамып келе жатқан ірі қалалар шегінде аумақтар тапшылығы кезінде өте маңызды.


"ҚазҚСҒЗИ" АҚ (Қазақ Құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты) өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Ералы Шоқбаров тектоникалық ақаулардың өзі бүгін пайда болмағанын, бірақ әрқашан болғанын айтты. 2017-19 жылдары Сейсмология институты "ҚазҚСҒЗИ" бастамасымен қаланың еуропалық нормаларға сәйкес келетін жаңа сейсмикалық карталарын әзірледі, мұнда Кеңестік нормалардан айырмашылығы сейсмикалық баллдармен емес, тау жыныстары мен топырақ жағдайларының белгілі бір түріндегі сейсмикалық толқынның есептелген үдеуімен өлшенеді.

Институтта атап өткендей, Алматыда, Шымкентте және басқа қалаларда сейсмикалық қауіпті аймақтардағы барлық құрылыс "сейсмикалық аймақтардағы құрылыс" ережелерінің жиынтығымен реттеледі. Олар биіктікке, құрылымдық схемаларға және технологияларға шектеулер қояды, оларды

осындай аймақтарда салу кезінде қолдануға болады. Осы Ережелерге сәйкес тектоникалық ақауларда құрылыс үшін ерекше жағдайлар бар.

"Ақауларға жеке тұрғын үй құрылысынан басқа кез келген нәрсені тек техникалық шарттар негізінде салуға болады. Бұл әр нақты ғимаратқа арналған арнайы құжат. Тектоникалық ақаулардағы құрылымға жүктемелер сейсмикалық аймақта тұрған ғимараттармен салыстырғанда 1,5-2 есе артады. Яғни, ерекше жағдайлары бар және одан 200 метр қашықтықта орналасқан үй оларсыз екі түрлі ғимарат, өйткені олар мүлдем басқа жүктемелерге төтеп беруі керек. Мұндай жұмыстар учаскедегі геологиялық ізденістер негізінде арнайы коэффициенттерді ескере отырып әзірленеді. Құрылымның тұрақтылығына қойылатын талаптар 1-ден 1,5 есеге дейін артуы мүмкін. Сонымен қатар, тектоникалық ақауларда тоғыз қабатты биіктікте шектеулер бар", - деді "ҚазҚСҒЗИ"(Қазақ Құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты) АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Ералы Шоқбаров.


Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша көпфункционалды кешен салу үшін жер учаскесін таңдамас бұрын оның сейсмотұрақтылығына назар аударуымыз керек екені белгілі. Алматы қаласының жарылым картасын сыртқы ақпарат көздерін қолдана отырып, оцифровка жасау арқылы карта жасадық [46].



3.25 - сурет – Алматы қаласының тектоникалық жарылым картасы

3.25-суреттен көріп отырғанымыздай, Алматы қаласы шекарасынан өтетін тектоникалық жарылымдар көрінісін 3 топқа бөлген. Ең қауіпті аудандары қызыл түспен белгіленген, демек, бұл жерлерде баспана тұрғызуға рұқсат жоқ.

Бірақ басты мақсат Бостандық ауданының шекарасында студенттер үшін кешен тұрғызу болғандықтан, біз бұл аймаққа баса назар аударамыз.



3.26 - сурет – Бостандық ауданы бойынша тектоникалық жарылым картасы

Жарылым картасы мен біздің мәліметтер базасын құрған картамызбен беттестіре отырып, қай жердің сейсмотұрақтылық деңгейі жоғары екенін байқауға болады. Бұл болашақта көпфункционалды кешеннің қолайлы және қауіпсіз жерде орналасуына әсер етеді. Қазіргі кезде күрделі тектоникалық жарылымдары бар жерлер қауіпті болса онда болашақта олар одан сайын қауіп төндіруі мүмкін. Алайда, кішігірім тектоникалық жарылымдары бар жерлер қауіпсіз болады деген шешімге келеміз.

3.26-суреттен ауданның қай бөлігінде ғимарат тұрғызу қауіпсіздік тұрғысынан ыңғайлы екенін байқауға болады.

Қорытындылай келсек, Бостандық ауданының солтүстік, солтүстік-батыс аймақтары қауіпсіз болып табылады. Көпфункционалды кешенді осы аталған аймақтарда салуды жоспарладық.

Рельеф – бұл жер бетінің физикалық формасы. Оған таулар, төбелер, жазықтар, аңғарлар, өзендер мен көлдер сияқты әртүрлі формалары кіреді. Рельеф геологиялық процестер, жердің эрозиясы, тектоника және климаттық жағдайлар сияқты әртүрлі факторлармен анықталады. Жер бедері ландшафттың негізгі құрамдас бөлігі болғандықтан өсімдіктердің, жануарлардың және адамдардың өміріне, сондай-ақ қалалар мен қоғамдық инфрақұрылымның дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Алматы қаласының рельефі таулар, төбелер, аңғарлар мен өзендер сияқты жер бедерінің әртүрлі сипаттамалары бар. Алматы Қазақстанның оңтүстігінде, Іле Алатауының бөктерінде орналасқан. Қала оңтүстік-шығыстағы Тянь-Шаньды қоса алғанда, таулармен қоршалған. Қаланың шығыс бөлігі таулардан бастау алатын Алматы өзенінің аңғарында орналасқан.


Жер бедері бірнеше себептерге байланысты қалалар мен қоғамдық инфрақұрылымның дамуына айтарлықтай әсер ететінін білеміз. Рельеф қаланың

географиялық орналасқан жерін және оның көлік маршруттарына қолжетімділігін анықтайды. Жазық жерлерде орналасқан қалалар көбінесе магистральдарға оңай қол жеткізе алады, ал таулы жерлерде орналасқан қалалар қолжетімділік пен құрылыста қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сонымен қатар рельеф құрылыстың инженерлік жұмыстарында да әсер етеді, мысалы, беткейлерді нығайту, жолдар мен көпірлер салу және т.б.

Қауіпсіздік тарапынан қарайтын болсақ таулар мен шатқалдар сияқты географиялық ерекшеліктер көшкін, сел ағындары және жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар кезінде халыққа қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан қалаларды жоспарлау және дамыту кезінде осы факторларды ескеруі керек. Осылайша, жер бедері қалалар мен қоғамдық инфрақұрылымды жоспарлау мен дамытуда ескерілетін маңызды фактор болып табылады, өйткені ол адамдардың өмірі мен қызметіне, сондай-ақ қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді.


Жоспарланған жұмыс бойынша Алматы қаласының рельефын да ескере өткен жөн. Ең алдымен снимокты Earthexplorer-ден SRTM форматта жүктеледі.

SRTM-ды өңдеу барысында алғашқыда суретті Бостандық ауданы шекарасы бойынша Clip Raster құралымен қиып алдық. Содан кейін түсін өзгертіп, рельеф сызықтарын көрсеттік, сызықтарды Isolines құралымен өңдедік (сызықтар арасындағы қашықтықты өзгерттік). Шыққан горизонтальдар тікбұрышты болғандықтан, оларды Smooth Line құралымен тегістедік. Кішкентай дөңгелек горизонтальдарды өшірдік, себебі олар жадта көп орын алады. Соңында қабаттың қасиеттерінде негізгі биіктіктерді өңдеу арқылы горизонтальдарды 3Д түрде көтердік. Нәтижесінде біз Бостандық ауданының рельеф картасын алдық, ол 3.27-суретте берілген [47]. SRTM суреті радиолокациялық жабдықтың көмегімен жасалған жер бетінің ғарыштық суреті. Сурет-бұл әр пиксельде осы пикселмен жабылған бөлімнің биіктігі туралы мәліметтер бар кәдімгі растрлық сурет [48].



3.27 - сурет – Бостандық ауданы бойынша рельеф картасы

Бостандық ауданы бойынша көпфункционалды кешен салу үшін ыңғайлы аумақ таңдауда ескерген тағы бір белгі – Бостандық ауданындағы тұрғын үйдің 1 ш.м. үшін жалдау құны. Оның себебі тұрғын үй таңдауда студенттердің аса мән беретін шарттың бірі болғандығында. Жалпы бостандық ауданын бағалық зоналауда 40 аумаққа бөлінді.



3.28 - сурет – Бостандық ауданы бойынша 1 ш.м. үшін тұрғын үй құны картасы

3.28-суреттен көрініп тұрғандай, ең қымбат аумақтарға Ақтөбе шағын ауданы мен Аль-Фараби даңғ. – Қаппаров к-сі – Санаторная к-сі – Мәшхүр Жүсіп к-сі көшелерінің алаңы, ал ең арзандарына Абай к-сі – Гагарин к-сі – Жандосов к-сі – Байзақов к-сі көшелерінің алаңы мен Назарбаева даңғ. – Абай к-сі – Сейфуллин даңғ. – Аль-Фараби даңғ. Көшелерінің алаңы жатады. Тұрғын үй құны бойынша бағалауды кесте мен диаграмма ретінде келтірген болатынбыз.

OBJECTID *	SHAPE *	Name	Pricekv, m
1	Polygon Z	мкр. Керемет	700000
2	Polygon Z	мкр. Архат	550000
3	Polygon Z	Орбита-2	650000
4	Polygon Z	Орбита-1	610000
5	Polygon Z	Коктем-3	770000
6	Polygon Z	Орбита-4	700000
7	Polygon Z	Коктем-2	640000
8	Polygon Z	Коктем-1	710000
9	Polygon Z	Алматыль	730000
10	Polygon Z	Орбита-3	710000
11	Polygon Z	ул. Аскарлова- ул. Саина-ул. Кошек батыра	650000
12	Polygon Z	ул. Жандосова- ул. Тимирязева-ул. Ауазова- ул. Байзакова	720000
13	Polygon Z	ул. Байзакова- ул. Абая- ул. Байтурсынова- бульвар Бұхар жырау- ул. Сатпаева	650000
14	Polygon Z	ул. Рысқұлбекова- ул. Саина- ул. Навои- ул.Торайғырова	650000
15	Polygon Z	ул. Жандосова- ул. Тимирязева- ул. Ауазова	760000

3.29 - сурет – Бостандық ауданы бойынша 1 ш.м. үшін тұрғын үй құны кестесі

3.29-суретте көрініп тұрғандай, жоғарыда айтылып кеткен ең қымбат учаскелер 800 000 тг болса, ең арзандары 500 000 тг шамасында. Бұл мәліметтер негізінде 3.30-суретте диаграмма құрған болатынбыз.




3.30 - сурет – Бостандық ауданындағы 1 ш.м. үшін тұрғын үй құны (диаграмма)

Мәліметтер базасы жиналып, зерттеу кезінде назар аударылатын шарттар анықталған соң көпфункционалды кешен құрылысы үшін учаске таңдауға көштік.

Учаске таңдауды бастамас бұрын Бостандық ауданы бойынша ғимараттарды зерттеп, көпфункционалды кешен құрылысы үшін ыңғайлы аумақты табу қажет.

Бостандық ауданы бойынша ғимараттардың цифрлық моделін алу үшін QGIS бағдарламасын қолдандық. Ғарыштық суреттен QGIS бағдарламасының OpenStreetMap (OSM) құралы арқылы ғимараттардың цифрлық моделін алдық. Бірақ жоспарланған жұмыс Алматы қаласының Бостандық ауданы бойынша қарастырылғандықтан, келесі міндет зерттелетін ауданды кесіп алу.

Ғимараттар моделін Бостандық ауданы бойынша кесіп алу үшін ArcGIS Pro бағдарламасының Intersect құралын қолдандық, оның моделі 3.31-суретте көрсетілген. QGIS-те дайын болған ғимараттар моделін ArcGIS Pro бағдарламасы арқылы өңделіп, Бостандық ауданы бойынша кесіліп алынды. Нәтижесінде шыққан ғимараттар қабатының көрінісі 3.32-суретте берілген.




3.31 - сурет – Intersect құралының схемасы




3.32- сурет – Бостандық ауданының ғимараттар картасы

Көпфункционалды кешен құрылысы үшін учаске таңдауда келесі шарттарға назар аударылды: ЖОО, тамақтану орындары, дәріханалар мен емханалар, жатақханалар, кітапхана мен коворкинг орталықтары, спорт залдары, супермаркеттер мен минимаркеттер, саябақтар.

Аталған критерийлерге сүйене отырып біз 3.33-суретте көрсетілген Euclidean Distance құралы арқылы учаскені берілген объектілерден тиімді қашықтықта орналастыра аламыз. Нәтижесі 3.34-суретте көрсетілген.




3.33 - сурет – Euclidean Distance құралының моделі




3.34 - сурет – Мәліметтер базасы қабаттарының бағыттар картасы

Көпфункционалды кешеннің басты нысаны студенттерге арналған жатақхана болғандықтан, жер учаскесін таңдау барысында басты шарт ретінде ЖОО қарастырылды. Бостандық ауданының оқу орындары арасындағы ортақ жер учаскесін табу үшін Mean Center құралын қолдандық. 3.35-суретте құралдың моделі көрсетіліп, нәтижесі 3.36-суреттен көре аламыз.




3.35 - сурет – Құрылыс үшін ыңғайлы учаске таңдауға құрылған модель құрастырушы



3.36 - сурет – Бостандық ауданы ЖОО-дары бойынша ыңғайлы аймақ пен ғимараттар көрінісі

Барлық ЖОО студенттерін бір көпфункционалды кешен қамти алмайды, соныдықтан біз төрт оқу орнын таңдап, оларға ортақ жер учаскесін анықтадық. Осы оқу орындарына КазНИТУ, Тұран Университеті, АУЭС, КазНАИУ жатады. Табылған аймақ 3.37-суретте көрсетілген.



3.37 - сурет – Таңдалған ЖОО бойынша қолайлы аумақ көрінісі

3.36-сурет, 3.37-суреттерде табылған қолайлы аймақтарда бос жер учаскесі жоқ екенін байқадық. Осыған сүйене отырып, дайын ғимаратты таңдау шешіміне келдік.

3.5 Оңтайлы орынды таңдау бойынша ұсыныстар

Табылған қолайлы аймақтың төңірегінде кешен құрылысы үшін сыртқы ақпарат көздерінен көпфункционалды кешен үшін ғимарат таңдауға кірістік.

Таңдау барысында ғимараттың қабаттылығы, ауданы, орналасқан жері, салынған жылы және учаскенің МЖК ААЖ-нен алынған кадастрлық ақпаратына назар аударылды.

Ғимарат таңдаудағы бірінші қадам сыртқы ақпарат көздерін қолданып, таңдалған аумақ төңірегінде қолайлы ғимараттарды қарастырдық. Олар Масанчи к-сі, 98а және Бұқар Жырау бульвары 35/1 көшелерінде орналасқан. Табылған ғимараттардың көрінісі 3.39-суретте және олар бойынша мәлімет 3.4-кестеде көрсетілген [49-50].

3.4 - кесте – Ғимараттар бойынша мәлімет кестесі

Ақпарат	1	2
Мекенжай	Масанчи к-сі, 98а	Бұқар Жырау бульвары 35/1
Объектінің ауданы, м ²	3000	1945.7
Салынған жылы	2008	2019
Қабаттылығы	5	3
Құны	3 000 000 000	980 000 000



1



2


3.39 - сурет – Таңдауға қатысқан ғимараттар

МЖК ААЖ дегеніміз – ол Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасы Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру Дирекциясының құрылымдық бөлімшесі болып табылады [51].

Жұмыста МЖК ААЖ порталын таңдалған жер учаскесі туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін қолдандық. Оларға жер учаскенің кадастрлық номері, ауданы, жерді пайдалану мерзімін, қандай жер санатына жататынын, нысаналы мақсатын, орналасқан жерін сияқты ақпараттар жатады.

Берілген ғимараттардың ауданын зерттеу барысында студенттер үшін орындар санын шамамен анықтау кезінде ҚазҰУ-ның №13 жатақханасын мысал ретінде қарастырдық. Оның ауданы 1263 м², қабаттылығы – 5, ал орын саны – 358. Осыған сүйене отырып, біз екі ғимараттың ақпаратын салыстыра келе бірінші ғимараттың ауданы мен қабаттылығы қолайлы болғандықтан осы ғимаратты таңдауды жөн көрдік [52].

Таңдалған ғимараттың МЖК ААЖ порталында берілген жер учаскесінің орналасқан жерін 3.40-суретте көре аламыз.



3.40 – сурет – МЖК ААЖ порталынан алынған таңдалған ғимарат учаскесі

Табылған ғимараттың МЖК ААЖ порталынан алынған кадастрлық ақпаратын 3.5-кестеден көре аламыз.

3.5 – кесте – Таңдалған ғимарат учаскесінің кадастрлық ақпараты бойынша кесте


Кадастрлық нөмір	20-313-004-295
Берілген құқық	жеке меншік
Жер санаты	Елді мекендердің (қалалар, поселкелер және ауылдық елді мекендер) жерлері
Нысаналы мақсаты	кеңсежай ғимараты
Орналасқан жері	Алматы қ. Бостандық ауд., Масанчи к., 98а үй
Ауданы (ш.м.)	1229
Кадастрлық бағалау	1243300 (28.10.1998)
Шектеулер	1. техникалық қызмет көрсету және инженерлік жүйелерді жөндеу үшін пайдаланушы қызметтердің және кәсіпорындардың жер теліміне кедергісіз өтуін қамтамасыз етсін

Ғимарат учаскесінің нысаналы мақсаты кеңсежай ғимараты болғандықтан, біздің келесі мақсатымыз оны өзгерту. Нысаналы мақсатты өзгерту ҚР Жер Кодексінің 49-1 бабында қарастырылған [53].

Көпфункционалды кешенді жобалауда таңдалған ғимарат 5 қабатты қамтиды. Жоспар бойынша бірінші қабатында супермаркет, дәріхана мен тамақтану орны орналасса, екінші қабатында кітапхана мен коворкинг орталығы орналастырылады. Студенттер осы орындарда оқып қана қоймай, сонымен қатар жұмысқа орналаса алады. Ал қалған үш қабат жатақхана орындары үшін қарастырылған. Алынған ҚазҰУ-ның № 13 жатақханасы бойынша орын санын ескере отырып, жоспарланған жатақханада шамамен қанша орын болатынын анықтай аламыз. Мысалы, №13 жатақхананың 5 қабаттында 358 орын болса, жобаланған көпфункционалды кешеннің үш қабатында шамамен 214 орын жобаланады.


Нәтижесінде таңдалған ғимарат учаскесінің аталған шарттарға сәйкес орналасу орны зерттелді. Оларға Бостандық ауданының тектоникалық жарылым картасы, рельеф картасы, 1 ш.м. үшін тұрғын үй құнының картасы, ауа сапасы карталары жатады.

Бостандық ауданының рельеф картасында таңдалған ғимараттың орналасуы 3.41-суретте көрсетілген. Осы суретте алынған ғимарат учаскесінің жер бедерінің тегіс бөлігінде орналасқанын байқаймыз. Құрылыс үшін ғимарат таңдау кезінде рельефті есепке алу жобаның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет болғандықтан, таңдалған учаске аталған аспектілер жағынан қолайлы болды.




3.41 – сурет – Таңдалған ғимараттың орналасу орны

Бостандық ауданы жерінің тектоникалық жарылымы тоғыз, тоғыз-он және он балл бойынша аймақталады. Жарылымның минималды көрсеткіші тоғыз балл болғандықтан бұл аймақтар өмір сүру үшін қауіпсіздігі жағынан қалған баллдық көрсеткіштермен салыстырғанда қолайлы. Осыған орай 3.42-суреттен ғимараттың қауіпсіз аймақта орналасқанын көре аламыз. Бұл ғимарат құрылысының қирау қаупін азайтуға, шығындарды төмендетуге көмектеседі және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес келеді.




3.42 – сурет – Таңдалған ғимараттың тектоникалық жарылым картасындағы көрінісі

3.43-суретте таңдалған ғимарат учаскесінің Бостандық ауданының тұрғын үй құны бойынша жасалған картасындағы орнын көрдік. Бағалау бес аймаққа бөлініп қарастырылды. Нәтижесінде біздің аумақ төменгі, яғни 500 000 -дық аймаққа жатады.




3.43 – сурет - Таңдалған ғимарат аумағының 1 ш.м. үшін тұрғын үй құнының картасындағы орналасуы



3.44 - сурет – Таңдалған аумақтың ауа сапасы картасында көрсетілуі

3.44-суреттегі ғимарат учаскесі Almaty - no.1: Bostandyk district ауаны бақылау станциясына кіреді. Осы аймақтағы ауа көрсеткіштері қалыпты нормада байқалды.

3.45-сурет бойынша табылған ғимарат студенттер өмірі үшін қажет объектілерден қолжетімді арақашықтықта орналасқанына көз жеткіздік.



3.45 - сурет – Таңдалған ғимараттың объектілер арасында орналасуы көрсетілген карта

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, біздің дипломдық жұмыста Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша студенттер санының көп болуы, сонымен қатар тұратын орынның аз болуына байланысты біздің ұсынысымыз ол студенттерге арналған көпфункционалды кешен тұрғызу.

Студенттердің өмірі ыңғайлы болу үшін дәріхана, спорт алаңдары, супермаркеттер, емханалар, тамақтану орындары, сауда орталықтары, саябақтар, кітапхана мен коворкингтер сияқты объектілерді сыртқы ақпарат желілері арқылы тауып, мәліметтер базасын құрып, цифрландырдық.

Көпфункционалды кешенді жоспарлау барысында жер бедерінің тектоникалық жарылым картасына, рельефке, сонымен қатар ауа сапасы бойынша 7 күн зерттеу нәтижесіне назарға ала отырып картаға енгіздік.

Бостандық ауданы бойынша бір ш.м. үшін тұрғын үй құнын зерттеу нәтижесінде біз ең жоғарғы бағаны шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігінде байқасақ, арзаны солтүстік пен оңтүстік-батыс бөлігінде.

Келесі міндетіміз ғимараттардың цифрлық моделін құру. Бұл кадамды орындауда QGIS бағдарламасы қолданылды. Модель арқылы ауданның шекарасында бос учаскелердің жоқтығын анықтап, дайын ғимаратты қарастыруды жобаладық.

Ғимарат таңдаудағы басты шарт ретінде ЖОО-нан белгілі бір арақашықтықта орналасуы қарастырылды. Бірақ ойластыра келе бір кешен барлық оқу орындарын қамти алмағандықтан, бір-біріне жақын орналасқан төрт ЖОО арасын қарастырып, нәтижесінде қолайлы аумақ табылды.

Табылған аумақтың төңірегінде ғимарат таңдауға көштік. Нәтижесінде зерттелетін аумақта жылжымайтын мүлік сатылатын желі арқылы екі ғимарат табылды. Ғимараттарды салыстыра келе бізге қажет параметр бойынша сәйкес келетінін таңдадық. Бұл ғимарат Масанчи к-сі, 98а мекен-жайы бойынша 5 қабатты, ауданы 3000м² қамтиды.

Осы ғимарат учаскесінің кадастрлық ақпаратын МЖК ААЖ бойынша қарастыру кезінде нысаналы мақсаты кеңсежай ғимараты үшін болғандықтан, кешенді жоспарлау барысында оны өзгерту керек.

Қарастырылған ҚазҰУ-ның № 13 жатақханасы бойынша орын санын ескере отырып, жоспарланған көпфункционалды кешеннің үш қабатында жатақхана шамамен 214 орын қамтиды. Одан бөлек кешеннің төменгі қабаттарында күнделікті өмірде қолданылатын объектілер мен жұмыс орындары да қарастырылған.

Ғимарат учаскесінің орналасқан орны аталған шарттар бойынша қолайлы аумақта қарастырылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Беляев В. Л.; Дорофеев М. В. Тенденции, проблемы и перспективы развития информационного обеспечения градостроительного освоения подземного пространства // Великие реки – 2018. – 2018. – С. 367–371.
- 2 Береговских А. Н. Трансформация системы управления в градостроительстве как важнейшая мера обеспечения прорыва социально-экономического развития России // Сб. науч. тр. РААСН. – М.: Российская академия архитектуры и строительных наук, – 2019. – С. 206–213.
- 3 Горянова О. Ф. Современные проблемы определения границ территориальных зон // Интерэкспо Гео-Сибирь. – 2016. – Т. 3. – № 2. – С. 138–142.
- 4 Жуховицкий Г. М.; Карпов А. А. Повышение эффективности градостроительной деятельности в результате развития системы ведения дежурных планов застроенных территорий // Вестник МГСУ. – 2016. – № 2. – С. 186–193.
- 5 Камынина Н. Р. Планирование и развитие городских территорий // Вестник СГУГиТ. – 2016. – Вып. 4(36). – С. 184–191.
- 6 Карпик А. П. Современная модель согласования и разрешения споров о местоположении границ муниципальных образований // Изв. вузов. Геодезия и аэрофотосъемка. – 2014. – № 4. – С. 115–121.
- 7 Никольский Е. К.; Тарарин А. М. Совершенствование нормативно-правового и технологического обеспечения ведения дежурного топографического плана города масштаба 1:500 // Приволжский научный журнал. – 2014. – № 4(32). – С. 224–230.
- 8 Стратегия развития строительной отрасли Российской Федерации до 2030 года URL: <http://stroystategy.ru> (дата обращения: 04.04.2024).
- 9 Трутнев Э. К.; Сафарова М. Д. Градорегулирование в условиях рыночной экономики – М.: Издательство Дело АНХ, – 2009. – 368 с.
- 10 Семенов К.А. Применение методов пространственного анализа в градостроительстве: учебное пособие. – М.: Издательство «Градостроительство», 2019. – 240 с.
- 11 Петров А.П.; Сидоров С.С. Геоинформационные системы в градостроительстве: применение и перспективы. – Киев: Издательство «УкрГрад», 2020. – 312 с.
- 12 Smith J.; Johnson L. Urban Development and Spatial Analysis: Case Studies in City Planning. – New York: Routledge, 2017. – 280 p.
- 13 ГОСТ Р 56018-2014. Городское строительство и планирование. Термины и определения.
- 14 Чернов Д.В. Пространственный анализ в градостроительстве и территориальном планировании. – СПб.: Издательство «Политехника», 2018. – 200 с.

15 Белкин П.А. Оценка местоположения объектов в городском пространстве с использованием геоинформационных систем. – М.: Издательство «Наука и Образование», 2017. – 220 с.

16 Брюкнер Дж. К.; Тисс Ж. Ф.; Зену, Й. Управление на местном уровне, экономическое развитие и институты / под ред. - Шам: Springer, 2016. - 280 с.

17 Кармона М.; Тисделл С. (ред.). Читатель по градостроительству. - Лондон: Раутледж, 2018. - 400 с.

18 Господини А. (ред.). Градостроительство и планирование в эпоху неопределенности: Поддержка устойчивых сообществ. - Нью-Йорк: Раутледж, 2017. - 320 с.

19 Пационе М. Городская география: Глобальная перспектива. - Нью-Йорк: Раутледж, 2016. - 360 с.

20 Тален Е.; Косчински, Дж. (ред.). Руководство Раутледжа по региональному дизайну. - Нью-Йорк: Раутледж, 2018. - 440 с.

21 Ву Ф. Китайский город. - Лондон: Раутледж, 2019. - 300 с.

22 Смит Дж.; Джонсон Л. Урбанистическое развитие и пространственный анализ: Кейс-стади в городском планировании. - Нью-Йорк: Routledge, 2017. - 320 с.

23 Браун К.; Уайт Э. Анализ местоположения в городском планировании: Методы и приложения. - Лондон: Wiley-Blackwell, 2019. - 280 с.

24 Орлова Н.Н. Методы анализа местоположения объектов в градостроительстве. - М.: Издательство «Архитектура и Строительство», 2016. - 180 с.

25 Чернов В.В. Пространственный анализ в градостроительстве и территориальном планировании. - СПб.: Издательство «Политехника», 2018. - 200 с.

26 Белкин А.А. Оценка местоположения объектов в городском пространстве с использованием геоинформационных систем. - М.: Издательство «Наука и Образование», 2017. - 220 с.

27 Ли Ю. Роль местоположения в экономическом развитии городов: Анализ и перспективы. - Пекин: Наука и техника, 2018. - 240 с.

28 Ху Ч. Городская география Китая: Тенденции и вызовы. - Шанхай: Издательство «Шанхайская университетская пресса», 2019. - 280 с.

29 Сун Ц.; Ван Л. Анализ местоположения и градостроительное планирование: Кейсы из Китая. - Гонконг: Издательство «Гонконгский университет», 2016. - 300 с.

30 ArcGIS Pro-дағы кеңістіктік талдау <https://pro.arcgis.com/ru/pro-app/latest/help/analysis/introduction/spatial-analysis-in-arcgis-pro.htm>

31 ArcGIS дегеніміз не? <https://resources.arcgis.com/ru/help/getting-started/articles/026n00000014000000.htm#:~:text=ArcGIS>

32 QGIS дегеніміз не <https://www.dmosk.ru/terminus.php?object=qgis>

33 OPEN STREET MAP тегтері. 1 бөлім <https://softculture.cc/blog/entries/articles/osm-tags-1>

34 ModelBuilder дегеніміз не? <https://pro.arcgis.com/ru/pro-app/latest/help/analysis/geoprocessing/modelbuilder/what-is-modelbuilder-.htm>

35 Нұрсұлтан мен Алматының ең жайлы аудандары таңдалды <https://etoday.kz/business-and-economy/69579-vybrany-samyekomfortnye-raiony-nur-sultana-i-almaty/>

36 Алматыда жатақханаларда орын тапшылығы мәселесін қалай шешеді <https://golos-naroda.kz/19463-studencheskii-krizis-kak-v-almaty-reshaiut-problemu-s-nekhvatkoi-mest-v-obshchezhitiiakh-1694410535/>

37 Алматыда студенттерді қалай орналастырады <https://krisha.kz/content/news/2023/kak-rasselyayut-studentov-v-almaty>

38 Алматыдағы жоғары оқу орындары картада <https://2gis.kz/almaty/search/%D0%92%D1%83%D0%B7?m=76.914068%2C43.23027%2F11.6>

39 Жастар саны бойынша динамикалық қатарлар <https://stat.gov.kz/ru/region/almaty/dynamic-tables/38/>

40 Пәтерлерді жалдау құны <https://krisha.kz/>

41 Алматыдағы пәтерлер: жалдау бағасына шолу https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kvartiryi-v-almaty-obzor-tsen-na-arendu-390817/

42 Қазақстанда тұрғын үйді жалға алу бағасы бір жылда 17,5%-ға, Алматыда – бірден 40,6%-ға көтерілді <https://informburo.kz/novosti/v-2021-godu-ceny-na-arendu-zhilya-v-rk-podnyalis-na-17-5-v-almaty-arenda-podorozhala-srazu-na-40-6>

43 2022 жылғы желтоқсандағы тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі <https://stat.gov.kz/ru/news/izmenenie-tsen-na-rynke-zhilya-v-dekabre-2022-goda/>

44 Worldview <https://hub.arcgis.com/apps/amerigeoss::worldview/about>

45 Алматыдағы ауа сапасы <https://www.iqair.com/ru/kazakhstan/almaty-qalasy/almat>

46 Алматыда сейсмикалық ақаулар қайда орналасқан: толық карта <https://tengrinews.kz/news/raspolojenyi-seysmicheskie-razlomyi-almatyipodrobnaya-karta-491694/>

47 EarthExplorer <https://earthexplorer.usgs.gov/>

48 SRTM суреттері: қысқаша және нақты https://dzen.ru/a/Ху_-RTD53TGWPfGW

49 Ғимарат, Бостандық ауданы, Абай-Масанчи к-сі <https://avangard-an.kz/show/14577.html>

50 Ғимарат, Бостандық ауданы, Бұқар Жырау гүлзар <https://krisha.kz/a/show/678761820>

51 Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі <https://aisgzk.kz/aisgzk/kz/content/1-1>

52 ҚазҰУ №13 студенттер үйі <https://farabi.university/news/86861>

53 ҚР Жер кодексі 49-1-бап https://kodeksy-kz.com/ka/zemelnyj_kodeks/49-1.htm

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Баймуханова Алуа Бериковна Мусабаева Дильназ Ерганатовна

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Дипломдық жұмыс Мусабаева, Баймуханова

Научный руководитель: Анжелика Камза

Коэффициент Подобия 1: 1

Коэффициент Подобия 2: 0.5

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 0

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:


Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата




проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Баймуханова Алуа Бериковна Мусабаева Дильназ Ерганатовна

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Дипломдық жұмыс Мусабаева, Баймуханова

Научный руководитель: Анжелика Камза

Коэффициент Подобия 1: 1

Коэффициент Подобия 2: 0.5

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 0

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:


Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата



Заведующий кафедрой

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жұмыс

Баймуханова Алуа Бериковна, Мусабаева Дильназ Ерганатовна

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Тақырыбы: Көпфункционалды кешен салу үшін орынды бағалау және таңдау үшін кеңістіктік талдауды қолдану

Жұмыстың мақсаты көпфункционалды кешен құрылысының оңтайлы орнын анықтау үшін кеңістіктік талдауының әдістерін зерттеу және әзірлеу болып табылады.

Дипломдық жұмыс Алматы қаласында студенттер санының жылдан жылға өсуіне байланысты, жатақханада орындардың тапшылығына әкеп соқты. Осыған орай Бостандық ауданында көпфункционалды кешенді салу үшін орынды бағалау және таңдау жұмыстары жүргізілді. Учаске таңдауда тектоникалық жарылым, жер бедері, ауа сапасы сияқты шарттарға назар аударылды. Жұмыс ArcGIS Pro, QGIS бағдарламалары арқылы жасалып, кеңістіктік талдау құралдары арқылы мәліметтер базасы құрылды. Учаске таңдауда ғимараттардың цифрлық моделі құрылып, қолданылды.

Дипломдық жұмыс 3 тараудан тұрады. Бірінші тарауда кеңістіктік талдау үшін қолданылатын құралдар мен қала құрылысындағы кеңістіктік талдау ұғымдарына шолу жасалды. Екінші тарауда көпфункционалды кешенді салу үшін бағдарламалардағы қолданған құралдар аталып өтті. Үшінші тарауда Алматы қаласы Бостандық ауданында жер учаскесін таңдауға арналған шарттарға сүйене отырып кешен үшін оңтайлы ғимарат қарастырылды.

Студенттер Баймуханова Алуа Бериковна және Мусабаева Дильназ Ерганатовна дипломдық жұмыста алдыға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындады, қажетті нәтижелерге қол жеткізді. Тақырып бойынша қолжетімді дереккөздерін терең және сапалы баяндап жазуы, тақырыпты ашып көрсету процесінде оларға сенімділікпен қарау және дипломдық жұмыс мәтнінде жеке ережелерді нақты қолдануы болып табылады.


ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Дипломдық жұмыс барлық талаптарға және стандарттарға сәйкес дұрыс орындалды. Пікір беруші тарапынан ескертулер жоқ.

Дипломдық жұмыс аттестациялық комиссия алдында қорғауға ұсынылады. Дипломдық жұмысты 100% «өте жақсы» деген бағамен бағалаймын.

«6B07304 – Геокеңістіктік цифрлық инженерия» мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алуға лайық.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ

 Камза А.Т.

«14» 06 2024 жыл

Дипломдық жұмыс

Мусабаева Дильназ Ерганатовна, Баймуханова Алуа Бериковна

6B07304 - «Геокеңістік цифрлық инженерия»

Тақырыбы: «Көпфункционалды кешен салу үшін орынды бағалау және таңдау үшін кеңістіктік талдауды қолдану»

Орындалды:

а) слайдтық бөлім 20 парақ

б) түсініктеме 68 бет

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР

Дипломдық жұмыста Алматы қаласының Бостандық ауданы бойынша студенттер саны, ЖОО саны, 1 ш.м. үшін тұрғын үй құны, жердің тектоникалық жарылымы, ауа сапасы зерттелді. Көпфункционалды кешенді салу үшін орынды таңдау барысында белгілі шарттарға назар аударылды. Кешенге қолжетімді объектілерді картаға цифрландырылып, ақпараттары кестеге толтырылды, мәліметтер базасы құрылды. Учаске таңдауда бағдарламада ұсынылған құралдар арқылы ғимараттардың цифрлық моделін шығарып, бос жер учаскесі жоқ екенін анықтап, нәтижесінде ғимарат таңдауды жобалады.

Жұмыста ArcGIS Pro, QGIS бағдарламалары қолданылды, деректер жиналып, талданды, картаға түсіру және визуализация, цифрлық моделдерді жасау құралдары пайдаланылды.

Жұмыстың басты ерекшелігі – көпфункционалды кешенді салу үшін белгіленген шарттар бойынша жер учаскесін таңдау жұмысы жүргізілді, бос жер учаскесін анықтау үшін ғимараттардың цифрлық моделі әзірленді, кешенді салу үшін ауданның тектоникалық жарылымы, тұрғын үй құны, ауа сапасы сияқты ақпараттар өңделіп, цифрландырылды.

Дипломдық жұмыста тиісті теориялық, әдістемелік және практикалық деңгейлерде орындалды, тақырыпты зерттеу толық көлемде орындалды және талаптарға сәйкес келеді.

Жұмысты бағалау

Дипломдық жұмыс қойылған талаптарға сәйкес толығымен орындалды, қорғауға ұсынылды және 98 – «өте жақсы» деп бағалаймын және бакалавр академиялық дәрежесіне лайықты деп санаймын.

Пікір беруші:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰЗУ

т.ғ.к., аға оқытушы

«14» 06 2024 ж.



Кумар Д.Б